

11.11.15 жылы №114 пәндік аудиториясында сағат 15.00-де ДСЖҚМ кафедрасы, «Сәулет» мамандығының аға оқытушысы Маштакова Е.К.-ның бастамасымен Арх13-3 топ студенттері –Адамова Илона, Ветеорец Станислав, Квашнина Екатерина, Семенов Алексей, Фридрих Лилия, Антоненко Владиславтардың көмегімен Арх15-2,3 және Арх15-2к топ студенттеріне негізгі кәсіби қағаздарды қабылдау жөнінде мастер-класс өткізілді.



Мастер-классты өткізу мақсаты-студенттердің өзара кәсіби тілде сөйлесуін, шығармашылық потенциалдың өсуіне ынталандыру, макет құрастыру әдісінде техникалық шеберліктерін арттыруға және өзіндік дамуларына ықпал ету.



Міндеті:

- сәулет және дизайн құрылымындағы қағаздарды трансформациялау мүмкіндігін слайд күйінде көрнекті етіп көрсету
- өзінің авторлық үлгілерін көрсету
- құрастыру әдістерін мастер-класс қатысушыларының алдында көрсету
- құрастырудың негізін құрайтын дағдыларға, фактуралық төбелерді құрастыру сызбалары түсірілген алдын ала дайындалған таратылымды материалдармен мастер-класс қатысушыларын үйрету
- берілген тапсырманы орындау барысында әрқайсысына жеке-жеке талқылап түсіндіру арқылы қатысушыларға көмек көрсету.



Мастер-класстың соңында мастер-класс процессіндегі фактуралық төбелерден жасалған композиция құру атты шығармашылық-ұйымдық тапсырма ұсынылды. Ұйымдық жұмыстар архитектор-оқытушы Маштакова Е. К. және Дубровина А.Ю.-мен бірге талқыланды.

